



Құттықтаймыз!

Саламат Үкеновке «Ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры» шені табысталды

Ақордада Отан қорғаушылар күніне арналған дәстүрлі салтанатты жиын өтті. Мемлекет басшысы, Қарулы Күштердің бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің күштік құрылым қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтап, олардың ел қауіпсіздігі жолындағы ерен еңбегін жоғары бағалады.

Іс-шара барысында Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ұлытау облысы бойынша Департаментінің бастығы Саламат Хамитұлы Үкеновке «Ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры» арнайы шені табыс етілді. Бұл – мемлекет тарапынан берілген сенім мен кәсіби қызметтің лайықты бағалануының белгісі.

Айта кетейік, Ұлытау облысы алғаш құрылған кезде күштік құрылымдар арасында бірінші болып Ұлттық қауіпсіздік комитетінің департаменті ашылып, басшылығына дәл осы Саламат Хамитұлы Үкенов тағайындалған еді. Ол Ұлытаудың тарихи мұрасын құрмет тұтып, тәуелсіз Қазақстанға адал қызмет етудің үлгісін көрсетуде.



Аты аңызға айналған Армия генералы, Халық Қаһарманы Мұхтар Алтынбаевтың дәстүрін жалғастырып, Саламат Хамитұлы бүгінгі күнде де өңірдің абыройын арттыруда. Оның

еңбегі мен адалдығы – елдің сенімі мен мақтанышы. Ел алдында абыройлы қызмет ету – ердің басты мақсаты.

Өз тілшімізден.

В акимате города

Чтобы не было вопросов



И. о. акима города Каражал Аманказы Наукенов и председатель городского маслихата Замзагуль Оспанова провели совещание с представителями организаций, которые ведут строительные работы на территории региона. Главной целью было определить, кто войдет в состав мониторинговых групп, закрепленных за подрядчиками. В ходе обсуждения были подняты вопросы, решение которых нельзя откладывать в долгий ящик.

→ на 3 стр.



Байланыс нөміріміз: 2-61-02

Өздеріңіздің сүйікті «ҚАЗЫНАЛЫ ӨҢІР» газетіне 2026 жылдың ІІ жарты жылдығына жазылу науқаны басталды.

Басылым аймақта болып жатқан ең елеулі оқиғалар туралы шұғыл әрі дәйекті түрде ақпарат беріп, сондай-ақ, қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық тақырыпты қозғайды

- ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 1800 теңге.
- ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН:
6 айға – 4500 теңге.
- ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІ ҮШІН
30% жеңілдік қарастырылған.

Құрметті мәдениет және өнер саласының қызметкерлері! Қадірлі сала ардагерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Мәдениет – ұлттың бет-бейнесі, оның ішкі қуаты мен сарқылмас рухани қазынасы. Халықтың ақыл-ойы мен парасатының өлшемі де – осы мәдениет. Дана халқымыз «Өнер – ұлттың жаны» деп бекер айтпаған. Бой көтерген заманауи ғимараттардан гөрі, халықтың рухын көтеретін мәдени мұраның маңызы әлдеқайда жоғары. Себебі, мәдениеті биік елдің – еңсесі де тік, болашағы да жарқын болмақ.

Қаражал қаласы – таланттар мен өнерпаздарға кенде емес, киелі өнердің өрісі кең өлке. Сіздер бүгінде бабалардан аманат болған асыл мұраны көздің қарашығындай сақтап, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру жолында аянбай еңбек етіп келесіздер. Елдің рухын оятып, эстетикалық тәрбие берудегі сіздердің рөлдеріңіз өлшеусіз.

Өмірлерін өнерге арнап, мәдениеттің іргетасын қалаған аға буын өкілдеріне шексіз алғыс айтамыз. Сіздердің салған сара жолдарыңыз – бүгінгі жастар үшін үлкен мектеп.

Шығармашылық шабыттарыңыз ешқашан сарқылмасын. Сахнадағы жарқын образдарыңыз бен жүректен шыққан әуендеріңіз тыңдарманның ықыласына бөлене берсін.

Баршаңызға мықты денсаулық, отбасылық береке және жаңа шығармашылық белестер тілейміз. Еңбектеріңіз жемісті, мерейлеріңіз үстем болсын. Өнер айдынында жұлдыздарыңыз әрдайым жарық жансын. Мерекелеріңіз құтты болсын!

Аманказы НАУКЕНОВ,
Қаражал қаласы
әкімінің м.а.

Замзагуль ОСПАНОВА,
қалалық мәслихат төрағасы.

Уважаемые работники культуры и искусства! Дорогие ветераны отрасли!

От всей души поздравляем вас с профессиональным праздником – Днем работников культуры и искусства!

Культура – это облик нации, ее внутренняя энергия и неисчерпаемое духовное сокровище. Культура является мерилем разума и мудрости народа. Не зря наши предки говорили: «Искусство – душа нации». Духовное наследие, возвышающее народ, гораздо важнее современных зданий. Ведь у страны с высокой культурой всегда расправлены плечи и светлое будущее.

Город Каражал – это край, богатый талантами и мастерами искусства. Сегодня вы неустанно трудитесь над тем, чтобы беречь как зеницу ока драгоценное наследие предков и прививать его подрастающему поколению. Ваша роль в пробуждении народного духа и эстетическом воспитании – неординарна.

Мы выражаем безграничную благодарность представителям старшего поколения, которые посвятили свою жизнь искусству и заложили фундамент нашей культуры. Ваш путь – это великая школа для сегодняшней молодежи.

Пусть ваше творческое вдохновение никогда не иссякает! Пусть ваши яркие сценические образы и музыка, идущая от сердца, всегда находят отклик в душах слушателей.

Желаем всем вам крепкого здоровья, семейного благополучия и новых творческих высот. Пусть ваш труд будет плодотворным, а авторитет – высоким! Пусть ваши звезды на небосклоне искусства всегда сияют ярко!

С праздником!

Аманказы НАУКЕНОВ,
и.о. акима города Каражал.
Замзагуль ОСПАНОВА,
председатель
городского маслихата.

Мерекешуағы

1945 жылдың 30 сәуірі. Сағат – 18.25. Бүкіл әлем демін ішіне тартып, Берлин аспаны түтін мен отқа оранған қаһарлы сәт. Дәл осы минутта тарих парағына қазақ баласының есімі алтын әріппен, өшпес рухпен жазылды. Жас лейтенант Рақымжан Қошқарбаев ажал сепкен оқтың астында, жан алысып, жан беріскен ұрыс даласында 300 метр жерді бауырлап өтіп, фашизмнің соңғы ұясы болған Рейхстагтың қабырғасына Жеңістің алқызыл туын қадады. Сол сәтте желбіреген ту – бүкіл қазақ даласының, қасірет шеккен аналар мен майдангерлердің қайсар намысының символы, азаттықтың асқақ жыры еді.

Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Мамырдың таңында Қаражал қаласы — асқақ рух пен салтанатқа бөленді. Жеңіс күні – бұл жай ғана мерек емес, бұл – ерлік пен елдіктің егіз өрімі, батырлық пен бірліктің бұзылмас қамалы. Мерекелік шараның шымылдығы қаламыздың киелі босағасы іспетті – Жеңіс стелласының жанында ашылды.

Салтанатты шара қала әкімінің бастауымен, ел тірегі болған аға буынның қатысуымен өрбіді.

Үнсідік минуты... Бір сәттік тыныштық. Салтанатты жиын ең алдымен сұрапыл соғыс жылдарында Отан үшін жан қиған боздақтарды еске алудан басталды. Бұл үнсідік – ажал сепкен оқ астында қалған батырлардың рухына тағзым, жеңісті көре алмай кеткен майдангерлер мен тыл қаһармандарының алдындағы мәңгілік қарыздың белгісі. Қаражал аспанында орнаған осынау қасиетті тыныштық әрбір жүректі тебіренітіп, тарихтың жаңғырығын құлаққа әкелгендей болды. Қала басшысы ескерткіш алдында тебіреніспен сөз сөйлеп, бұл күннің қадір-қасиетін айшықтап берді.

Құрметті қала тұрғындары! Жеңіс – біздің тарихымыздағы ең қастерлі, ең салмақты ұғым. Бұл күн – кеудесін оққа тосқан ерлердің рухы асқақтаған, тылдағы аналарымыздың төзімі Жеңіс болып оралған күн. Біз бабалардың асыл мұрасын көздің қарашығындай сақтап, оны өскелең ұрпақтың бойына сіңіру жолында қажымай еңбек ете береміз. Осынау бейбіт аспан мен бақытты балалық шақ — бізге аманатталған ең қымбат қазына. Әрбір ардагердің тағдыры, әрбір майдангердің ерлігі — біз үшін нағыз отансүйгіштіктің биік мектебі. Біз бүгінгі бейбіт күннің бағасын соғыс жылдарындағы жанкештілікпен өлшейміз. Жеңіс туының астында біріккен халықтың ешқашан еңсесі түспейтініне сенімдімін, – деп атап өтті қала әкімі.

Бұл игі жолды соғыс жылдарындағы ауыр бейнетті қайыспай көтеріп, Жеңістің

Жеңіс таңы – қаһармандарға тағзым, ұрпаққа аманат



әр сағатын жақындатқан тыл ардагерлері мен еліміздің айбыны – Қаражал қаласының құқық қорғау органдарының қызметкерлері салтанатты гүл қою рәсімімен жалғастырды.

Мерекелік жиында төрден орын алған, жүздерінен мейірім мен даналықтың нұры ескен тыл ардагерлеріне көрсетілген құрмет ерекше болды. Осынау қадірлі қатарда Антонина Климентьевна Соловьева, Роза Габуловна Климова, Бақыш Карина апамыз отырды.

Бұл аналардың әрбір әжімі – жазылмаған тарих, әрбір ақ шашы – соғыс салған сарсаңның ізі. Қала басшылығы мен тәртіп сақшылары ардагерлердің алдында бас иіп, олардың бейбітшілік жолындағы төзімі – біз үшін нағыз қаһармандық екенін атап өтті.

Салтанатты рәсімнен кейін мереке орталық алаңдағы «Жеңіс таңы атқан күн» атты ауқымды концерттік бағдарламаға ұласты. Сахна төрінде «Жеңіс туы желбіре!» атты театрландырылған қойылым көрсетіліп, Рақымжан Қошқарбаевтың Рейхстагтың биігіне ту тіккен айбынды сәті көрермен көз алдында қайта жаңғырды.

Қаражалдың өнер иелері халықтық рухты ояту мен эстетикалық тәрбие берудегі өлшеусіз рөлін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Мерекенің мазмұнын аша түскен тағы бір тебіреністі сәт – алаң жиегінде құрылған майдангерлердің дала асханасы болды. Сап түзеген ақ шаңқан палатканың маңында отты жылдардың естелігіндей буы

бұрқыраған майдан ботқасы әзірленді.

Бұл жай ғана дәм емес, бұл – сұрапыл соғыс жылдарындағы жауынгерлердің төзімі мен қанағатшылдығының символы. Қала тұрғындары мен қонақтарына ұсынылған дәстүрлі ботқаның екі түрі мен ыстық шай, жиналған қауымды сол бір қаһарлы күндердің естелігімен қауыштырғандай болды. Үлкендер жағы майдандағы әкелерін еске алып, жас ұрпақ бейбіт күннің бағасын, қарапайым дәмнің қадірін тереңірек сезінді. Бұл — өткен мен бүгінді жалғаған, батырлар рухына көрсетілген

шынайы құрметтің көрінісі іспетті.

Жеңіс күні – бұл өткенге салауат, болашаққа аманат айтылатын күн. Ерлеріміздің батырлығы мен Тыл еңбеккерлерінің төзімі әрбір жастың бойындағы отансүйгіштік сезімін лаулата түсуі тиіс.

Қаражал аспанында Жеңіс әні қалықтап, ел мерейі тасыған бұл күн халықтың бірлігі мен рухының асқақтығын тағы бір мәрте паш етті. Біз – батырлардың ұрпағымыз, біз – жеңімпаз елдің ертеңіміз! Жеңіс күні мәңгілік болсын! Еліміздің аспаны ашық, іргеміз бүтін, бейбітшілігіміз баянды болғай!



Президент Жолдауы

Қазіргі таңда қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – халықтың шамадан тыс несие жүктемесіне тап болуы. Қаржылық қиындықтардың алдын алу үшін әр азаматтың қаржылық сауаттылығы мен құқықтық білімі жоғары болуы аса маңызды. Осы бағытта жүзеге асырылып жатқан «АМАНАТ» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасы – халықтың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі.

Қаржылық сауаттылық – бұл адамның өз табысын тиімді жоспарлап, шығынын бақылап, жинақ жасап, несие мен қаржы құралдарын дұрыс пайдалана білу қабілеті. Қаржылық сауатты адам артық қарызға батпай, өз мүмкіндігін есептей отырып шешім қабылдайтыны анық. Бүгінде көптеген азаматтар несие шарттарын толық түсінбей, пайыздық мөлшерлемелер мен айыппұлдарды ескермей қарыз алады. Соның салдарынан отбасылық бюджетке ауыртпалық түсіп, жанұяда әлеуметтік мәсе-

«Қарызсыз қоғам» – қаржылық сауаттылық пен азаматтардың құқықтық білімін арттыру



лелер туындайды.

«Қарызсыз қоғам» жобасының басты мақсаты – тұрғындарға қаржыны тиімді басқаруды үйрету, қарыздық тәуекелдердің алдын алу және азаматтардың құқықтық сауатын арттыру. Жоба аясында тұрғындарға тегін консультациялар, семинарлар, оқыту курстары ұйымдастырылып, несие рәсімдеу, отбасылық бюджетті жоспарлау, алаяқтықтан қорғану жолдары түсіндіріледі.

Жобаны жүзеге асыру мақсатында, 2026 жылы Қаражал қаласы мен Жәйрем кенті бойынша жұмыссыз, әлеуметтік осал топтарға жататын 460 адамды оқыту жоспарлануда. Бүгінгі таңда оқытылудан өтетіндердің тізімі әзірленуде. Бағыттағы жұмысты «Қаражал қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жүзеге асырады.

Айта кету керек, азаматтардың қаржылық сауаттылығын

арттыруда құқықтық білім маңызды рөл атқарады. Әр азамат өзінің құқықтары мен міндеттерін білген жағдайда ғана қаржылық ұйымдармен дұрыс қарым-қатынас орната алады. Мысалы, келісімшартты мұқият оқу, заңсыз әрекеттерге жол бермеу, тұтынушы ретінде өз құқығын қорғау – құқықтық сауаттылықтың негізгі көрінісі.

Қоғамда қаржылық мәдениетті қалыптастыру – уақыт талабы. Әсіресе, жастар арасында қаржылық тәрбие мен үнемшілдік дағдыларын дамыту маңызды. Ақшаны дұрыс басқаруды үйренген адам болашағын сенімді жоспарлап, отбасының тұрақтылығын қамтамасыз ете алады.

«Қарызсыз қоғам» – халықтың қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, құқықтық сауатын арттыруға және әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған «АМАНАТ» партиясының маңызды жобаларының бірі. Қаржылық сауатты әрі құқықтық білімі жоғары қоғам ғана экономикалық тұрғыдан дамиды.

**Гүлмира ИСИНА,
«АМАНАТ» партиясы Қаражал қалалық филиалының атқарушы хатшысы.**

(Начало на 1 стр).

Как объяснил Аманказы Наукенов, задачей мониторинговых групп является контроль строительных работ. Для чего это нужно, понятно каждому: важно здесь и сейчас качественно выполнять все, что прописано в условиях договоров, чтобы после сдачи объектов в эксплуатацию не пришлось устранять огрехи.

Осуществлять мониторинг предстоит депутатам городского маслихата и членам Общественного совета. То есть людям, которые искренне радуют за будущее региона. В числе объектов – строительство инженерно-коммуникационной инфраструктуры к домам № 20 (25 квартал), №№ 1,3, 5 (12 квартал), на 11 квартале (теплоснабжение), многофункционального центра, крытого хоккейного корта, реконструкция канализационных сетей (2 очередь). В Жайреме это – строительство ИКИ к индивидуальной жилищной застройке (2 и 3 этапы), реконструкция канализационных сетей (2 очередь). Также были рассмотрены вопросы строительства сетей энергоснабжения в микрорайоне «Ақтай», водовода «Клыч-Қаражал», разработки проектно-сметной документации по проектам «Строительство водозаборных сооружений на водохранилище «Клыч», «Строительство внутриквартальных сетей поливочного водовода города Қаражал» и другие.

И. о. акима города объяснил, что создание мониторинговых групп – не прихоть местных властей. Такая работа ведется по всему Казахстану.

- Давайте определим по списку, кто на каком объекте будет ответственным, - предложил он, обращаясь к участникам совещания.

Если говорить вкратце, за работой подрядчиков будут наблюдать председатель городского маслихата Замзагуль Оспанова, депутаты Аслан Сулейменов,

Жалгаскан Курмансейтов, Жумакуль Ахметова, Айгуль Мауленина, Марлан Шамбулов, Нурбек Кулжанов и другие. Из числа членов Общественного совета в список вошли Ержан Байтасов, Алтынбек Дильдабеков, Кайырбек Куйкабаев, Аскаралы Омаров, Владимир Полищук, Ерлан Сембеков, Дидар Сагиндыков, Сексен Сулейменов, Мергенбай Сембек и Арынгазы Такибаев.

В ходе осуждения сразу же поднимались болевые точки тех или иных объектов. Бурные дебаты вызвала реконструкция ка-

нализационных сетей в Қаражале. Одним из ответственных был определен Абдигазым Жаппаров - заместитель директора КГП на ПХВ «Городское коммунальное хозяйство акимата города Қаражал».

- Приходишь к колодцам, а они полные. Это знаем и мы, и подрядчик (ТОО «АГС-ПЛАСТ» - прим. редакции). Как проверять их на работоспособность? Заглянуть вовнутрь и сделать заключение, что все замечательно? Еще полтора месяца назад было сказано, что нужно откачать воду из самого нижнего колод-

ца. И если опустеют стоящие выше, будет видно, работает система или нет. Хотел выяснить, как производится ГНБ (горизонтально-направленное бурение – прим. редакции), видят ли они сами, как укладываются трубы. В ответ слышу, что нет. И никто не хочет объяснять, пытаешься задать вопросы – уходят от ответа. А все мы знаем, что ГНБ – вещь очень опасная, - предупредил он.

Продолжение в следующем номере...

Чтобы не было вопросов



Человек труда

На них срывают плохое настроение, им высказывают претензии, с них требуют. Но мало кто задумывается о том, что без них невозможно функционирование ни одной организации здравоохранения. Это – медсестры, на плечах которых лежит большая ответственность. Выполняя свою работу, они за день наматывают по коридорам и на обходах километры, скрывая усталость за улыбками и доброжелательностью.



Асель КУРБАЛОСОВА

В начале нынешней недели, 12 мая, профессиональный праздник - Международный день медицинской сестры - отмечали специалисты, без которых сложно представить современную медицину.

Эта дата была определена Международным Советом медсестер в 1974 году в честь дня рождения Флоренс Найтингейл, одной из основательниц сестринского дела. Она во время Крымской войны (1853–1856 годы) организовала первую в мире службу сестер милосердия. Благодаря ее подходу к уходу за ранеными удалось значительно снизить смертность в госпиталях. Именно Флоренс Найтингейл доказала, что профессиональный уход - это не второстепенная помощь, а важнейшая часть лечения.

Праздник, который отмечают в более чем 140 странах мира, стал символом признания труда среднего медицинского персонала. В Казахстане его празднуют 145 тысяч специалистов. И чаще всего, если дата выпадает не на выходные дни, они проводят его на рабочем месте, решая массу вопросов.

А их на самом деле великое множество. Рабочий день начинается с ознакомлением списка записавшихся на прием, с уточнением, с чем именно обращается пациент (заболевание, получение рецепта на лекарства, запись к узкому специалисту и прочее). А ведь помимо этого нужно принять тех, кто пришел к врачу, минуя регистратуру, или направленных другими врачами с пометкой «Сито!» (лат. – «срочно!»). В обязанности участковой медсестры также входит выписка рецептов, направлений на анализы и обследования, проведение медицинских осмотров, ведение больных, состоящих на диспансерном учете, женщин фертильного возраста, патронаж новорожденных, скрининг, иммунопрофилактика, обслуживание вызовов на дому. И всех нужно известить, пригласить на прием, объяснить. А затем занести всю информацию в многочисленные базы данных и на бумажные носители – без этого проделанная работа не принимается во внимание.

...Сегодня речь пойдет о медсестрах двух участков поликлинической службы Центральной больницы города Каражал.

Одна из «старожилов» этих стен – Айнаш Макаева. Ее стаж без малого 38 лет!

- Наверное, это не просто профессия, а призвание. У меня тетя работала врачом-педиатром. И глядя на нее, я с самого детства мечтала стать медсестрой. Вполне

Больше, чем профессия



логично, что после школы в далеком 1984-ом году я поступила в Джезказганское медицинское училище. С дипломом на руках в апреле 1988 года впервые переступила порог этой поликлиники. И по сегодняшний день тружусь здесь, - поделилась она.

За эти почти четыре десятилетия Айнаш Макаевой довелось работать под руководством 15 или 16 главврачей городской больницы. О смене участковых врачей и вовсе говорить не приходится.

За это время сменилась целая эпоха: развалился СССР, независимый Казахстан, пережив тяжелейший экономический кризис, занял позицию среди наиболее динамично развивающихся экономик и уверенным взглядом в будущее. Система здравоохранения пережила несколько реформ. Было не то чтобы не просто, а сложно. Но ни разу Айнаш Жарылгасыновна не пожалела о выборе профессии.

Акгул Ауезханова не один год трудится бок о бок с Айнаш Макаевой. Она – уроженка Улытауского района, в наш город приехала, выйдя замуж. На ее выбор профессии, говорит она, повлияла бабушка – когда юная Акгул делала ей массаж, та говорила, что девочка в будущем непременно станет медиком. Поэтому в семье никто не удивился, когда девушка поступила в профильный колледж в городе Жезказган (2001-2004 годы), по окончании которого осталась работать в городе – в отделении детской реанимации. А затем судьба привела ее в Каражал. На дворе стоял 2011 год.



С опытом работы на предыдущем месте ее с радостью приняли в отделение педиатрии. Впоследствии оно закрылось, и Акгул Мукашевна перешла медицинской сестрой врача общей практики участка № 2, где также продолжает «вести» детей.

Третья медсестра этого участка – Гүлім Арманқызы. Она родилась и выросла в селе Тугускен Жанааркинского района. В поликлинике трудится пятый год, и очень любит свою профессию, азы которой получила в нынешнем Карагандинском областном высшем сестринском колледже. И могла бы без

труда найти работу в большом городе, но судьба предопределила дальнейшую жизнь – выйдя замуж за каражалца, она прочно осела в нашем городе.

- В нашей больнице замечательный коллектив. Именно здесь я начинала свой трудовой путь. Это был педиатрический участок, где моим первыми наставниками стали Дана Молдабаева и Кенжегүл Осажанова, - отметила она.

Затем Гүлім работала медсестрой в двух городских школах, в конечном итоге вернувшись в «родные пенаты». Здесь она, даже имея за плечами определенный опыт, продолжает познавать тонкости профессии. Медсестра постоянно занимается само-



образованием – помимо курсов повышения квалификации, на которые направляет больница, она штудирует специальную литературу, изучает информацию, размещенную на просторах интернета. Кроме того, проходит обучение в Областном высшем медицинском колледже города Жезказган (квалификация «Прикладной бакалавр сестринского дела»).

...Теперь перейдем к участку № 4. Здесь не одно поколение каражалцев, родившихся и живущих на Площадке, долгие годы сопровождает Вера Мышкина. Внешне суровая и строгая, на самом деле она является человеком, который через себя пропускает все надежды, чаяния пациентов, чутко реагируя на их боль.

Она родилась в 1964 году в небольшой деревне Кировской области РСФСР. Там же училась в медицинском училище. Трудовой путь начинала в 1983 году, а стаж работы в каражалской больнице насчитывает 39 лет. Сюда она приехала вместе с родителями, которые устроились на градообразующее предприятие.

Она признается, что сейчас сложно вспомнить, почему решила стать именно медсестрой:

- Это было так давно! Наверное, потому, что в нашей деревне не было медицины, а так хотелось, чтобы люди получали качественную помощь.

В основном Вера Анатольевна работает с пациентами старшего возраста и, говорит, что бывает морально тяжело, когда ничем не можешь помочь тому или иному человеку. В таких случаях приходится натягивать на себя маску равнодушия, чтобы не выдать эмоций, раздирающих душу.

На вопрос, если бы дали возможность вернуться в прошлое и изменить свою жизнь, воспользовалась бы этим предложением, она уверенно ответила: «Нет. Я полностью довольна тем, как сложилась моя жизнь».

Завершит праздничный материал история медсестры врача общей практики участ-

ка № 4 Гульжайны Карагусовой. Помимо этого она является старшей медсестрой поликлиники, а это солидный фронт работы и огромная ответственность.

Гульжайна родилась в поселке городского типа Карагайлы нынешнего Каркаралинского района. Ее родители – ветеринары, а вот она выбрала дело лечения людей. Как и предыдущие героини, приехала в Каражал в семью супруга.

- Это было в 2002 году. Здесь я сразу же устроилась на работу. Сначала – в фельдшерско-акушерский пункт станции Каражал, позже перевелась в городскую больницу.

Медицину также называет призванием, в основе которого лежит искреннее желание помогать людям. При этом признается, что сестринское дело не было мечтой детства. Напротив, когда-то ее влекли точные науки – программирование, физика, математика. Соответственно, поступала в политехнический институт, затем, на факультет физико-математический факультет КарГУ им. Е. А. Букетова. А в итоге пошла по стезе медицины.

Если из предыдущего понятно, какие обязанности возлагаются на медсестру ВОП, хотелось бы понять, чем занимается старшая медсестра.

- По большому счету, это административная должность. Это и закрытие табеля учета рабочего времени, и составление



рапортов, и ведение отчетности (своды, анализы), контроль за работой медсестер, и многое другое, - объяснила Гульжайна Толегеновна.

... В ходе сбора информации каждой героине этого материала задавался один вопрос: что самое главное в работе медсестры? И каждая, независимо друг от друга, отвечала «Оказание помощи пациентам. Ответственность. Умение найти подход к каждому пациенту». А самая главная награда за труд – их искренняя благодарность. Конечно, не раз случались, и еще не раз повторятся ситуации, когда пациенты разговаривают на повышенных тонах, высказывают недовольство. Казалось бы, настроение безнадежно испорчено, и в обычной жизни человек ответил бы грубостью на грубость, или вовсе развернулся бы и пошел восвояси. Но не медсестры. Они – особая категория людей. На агрессию они отвечают улыбкой, и даже будучи оскорбленными до глубины души, не держа камня за пазухой, сделают все возможное, чтобы помочь человеку. Все это требует не только знаний, но и терпения, выдержки и огромной самоотдачи. Всего этого – с лихвой в каждой медицинской сестре Центральной больницы города Каражал. За что хотелось бы сказать им огромное спасибо!

Еңбек адамы

Әр мамандықтың өз қиындығы мен жауапкершілігі бар. Ал медицина – адам тағдырымен тікелей байланысты, мейірім мен сабырды, төзім мен табандылықты талап ететін ерекше сала. Бұл жолды кез келген адам таңдай бермейді. Себебі, медицина – жай жұмыс емес, ол – жүректің таңдауы, жанның қалауы. Осындай асыл қасиеттерді бойына сіңіріп, жиырма жыл бойы адам денсаулығы жолында аянбай еңбек етіп келе жатқан жан – Жәйрем кенті ауруханасының бас медбикесі Әсел Жалғожина.

Мамандығын жүрегімен таңдаған абзал жан



Әсел Мәдібекқызының медицинаға келу жолы бала күнгі арманынан бастау алады. 2001 жылы № 10 орта мектепті сәтті тәмамдаған ол, сол жылы Жезқазған медициналық колледжіне оқуға түсіп, арманына нық қадам жасайды. 2004 жылы «Емдеу ісі» мамандығын үздік дипломмен аяқтап, болашақ кәсібіне үлкен жауапкершілікпен қарайтын жас маман ретінде еңбек жолын бастайды.

Алғашқы еңбек жолын 2006 жылы «Қазақмыс» корпорациясының медициналық орталығында физиотерапия бөлімінде медбике болып бастады. Бұл кезең – оның кәсіби қалыптасуындағы алғашқы әрі маңызды баспалдақ болды. 2007 жылдан бастап Жәйрем кентіндегі жедел жәрдем бөлімінде фельдшер қызметін атқарып, кейін балалар медбикесі ретінде

еңбек етті. Әр қадамында тәжірибе жинап, білімін жетілдірген ол медицина саласында өзіндік орнын қалыптастыра білді.

Оның айтуынша, осы жолда бағыт-бағдар берген ұлағатты ұстаздарының бірі – дәрігер Раушан Қожаева. - Ол кісі мені қызындай көріп, көп нәрсе үйретті. Өкінішке қарай, өмірден ерте өтті. Өте ұқыпты, сабырлы, өз ісінің нағыз шебері еді. Ақ халатына адал, адамгершілігі жоғары жан болатын, – дейді Әсел Мәдібекқызы үлкен құрметпен.

2010-2012 жылдары «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ қарамағындағы денсаулық бекеттерінде, атап айтқанда, «Жомарт»

және «Үшқатын» кеніштерінде, өндірістік бөлімдерде ауысымдық медбике ретінде еңбек етті. Кейін «Еуразия» медициналық орталығы құрамында қызметін жалғастырып, кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігінің арқасында 2016 жылы бас медбике қызметіне көтерілді.

2018 жылдан бері ол Жәйрем кенті ауруханасында еңбек етіп келеді. Алғашында аға медбике болып қабылданып, кейін бас медбике қызметіне тағайындалды. Бүгінде ол осы жауапты міндетті абыроймен атқарып, ұжымның ұйымшылдығын сақтап, сапалы медициналық қызмет көрсетуде үлкен үлес қосып отыр. Бұл – оның өз мамандығына деген сүйіспен-

шілігінің, адалдығы мен тынымсыз еңбегінің нақты нәтижесі.

Биыл оның медицина саласындағы еңбек өтіліне 20 жыл толды. Бұл уақыт – тек жылдар жиынтығы емес, сансыз науқасқа көрсетілген көмек, жүздеген түнгі кезекшілік, қиын сәттердегі сабыр мен кәсіби шеберліктің өлшемі.

Әсел Мәдібекқызы – тек білікті маман емес, сонымен қатар, қайсар ана. Жалғыз өзі бір қыз, бір ұл тәрбиелеп отыр. Қызы – үздік білім иесі, бүгінгі таңда «Жәйрем кен байыту комбинаты» АҚ-да еңбекті қорғау және қауіпсіздік инженері болып еңбек етуде. Ал ұлы – отбасының кішкентай қуанышы.

- Құдайға шүкір, еңбегімнің арқасында балаларымды өсіріп, білім беріп, үйлі болдым. Еңбектің жемісін көріп отырмын, – дейді ол шынайы ризашылықпен.

Оның айтуынша, соңғы жылдары ауруханада айтарлықтай оң өзгерістер орын алған. 2023 жылдан бері жаңа басшы Дәурен Қанатұлының бастамасымен мекемеде күрделі жөндеу жүргізіліп, заманауи медициналық құрал-жабдықтар алынып, қызметкерлерге қолайлы жағдай жасалған. Сонымен қатар, бұрын тапшы болған мамандар тартылып, тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызмет сапасы едәуір артқан.

Әсел Мәдібекқызының өз ісіне деген адалдығы елеусіз қалған жоқ. Ол бірнеше мәрте аурухана

басшылығы мен жергілікті әкімдік тарапынан алғыс хаттармен марапатталған. 2024 жылдың наурыз айында «Денсаулық сақтау ісіндегі еңбегі үшін» төсбелгісіне ие болса, жуырда Халықаралық медбикелер күні қарсаңында Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлиязарованың Құрмет грамотасымен марапатталды. Бұл – оның көп жылғы адал еңбегіне берілген лайықты баға.

Бүгінде ол жеткен жетістіктерімен тоқтап қалмай, өзін дамыту жолында үздіксіз ізденіс үстінде. Бакалавр дәрежесін аяқтап, алдағы уақытта Жоғары медбикелік академияға түсуге дайындалуда. Бұл – оның өмірлік ұстанымының айқын көрінісі. Оның өмірлік қағидасы қарапайым, бірақ, мағынасы терең: «Жетістікке жетудің жолы – шыдамдылық, төзімділік, сабырлық және адамдармен дұрыс қарым-қатынас орната білу». Жас мамандарға да айтар кеңесі анық: «Жұмысты адал, жауапкершілікпен істеңдер. Сонда ғана еңбектеріңнің жемісін көресіңдер».

Бос уақытында балаларына көңіл бөліп, кітап оқуды ұнатады. Болашаққа қойған армандары да биік: балаларының бақытына куә болып, немере сүю, Астанадан баспана алу. Алайда, оның ең басты тілегі – отбасының амандығы мен жақындарының бақыты.

Осындай жандар барда медицина саласының мерейі өсе бермек.

Медбике – бұл жай ғана мамандық емес, бұл – өмірлік миссия, тағдыр таңдау.

Ал мамандығын шын жүрегімен сүйген адам – әрдайым Еңбек адамы болып қала береді.

Теректі ШАФАТАЙ.

Бәрекеді!

Ташкент қаласында өтіп жатқан бокстан U-15 жас санатындағы Азия чемпионатында Қазақстан құрамасы жоғары деңгейде өнер көрсетіп, жалпыкомандалық есепте абыройлы III орынды иеленді. Ел намысын қорғаған жас спортшыларымыздың арасында аймақ мақтанышы – жас боксшымыз Айару Файзуллаева да бар. Ол бұл дүбірлі додада тамаша өнер көрсетіп, күміс жүлдені қанжығасына байлады.

Құрлық біріншілігінің қорытындысында Қазақстан құрамасы жалпы 24 медальға қол жеткізді. Оның ішінде 7 алтын, 8 күміс және 9 қола жүлде бар. Бұл – жас спортшыларымыздың жоғары дайындығы мен жеңіске деген жігерінің айқын дәлелі. Медальдар кестесінде жарыс қожайыны - Өзбекстан құрамасы 13 алтын, 8 күміс және 6 қола медальмен көш бастаса, екінші орынға Үндістан құрамасы орналасты. Ал Қазақстан үздік үштіктен көрініп, айтарлықтай нәтиже көрсетті.

Ұлдар құрамасы турнирді он медальмен аяқтап, оның бесеуі алтын, үшеуі күміс, екеуі қола жүлде болды. Ал қыздар құрамасы да осал емес екенін дәлелдеп, 2 алтын, 5 күміс және 7 қола медаль жеңіп алды. Дәл осы табысты құрамның

Айарудың жарқын жетістігі ел мерейін асқақтатты



бел ортасында Айару Файзуллаева ерекше көзге түсіп, өзінің табандылығы мен шеберлігін паш етті.

Айта кету керек, Айару бұған дейін де халықаралық аренада ел намысын абыроймен қорғап келеді. Мәселен, Ресей Федерациясының астанасы Мәскеуде өткен, 10 мемлекеттен келген мықтылар бас қосқан турнирде қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, алтын медаль иеленген болатын. Бұл оның

болашақта үлкен спорт биіктерін бағындыра алатынын көрсетеді.

Бүгінде Айару 2023 жылдан бері Қазақстан Республикасының спорт шебері атанып, кәсіби деңгейдегі шеберлігін дәлелдеп келеді. Ол тәжірибелі бапкер, Қазақстан Республикасының «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісінің иегері, «Ұлытау» бокс федерациясының вице-президенті Рымғали Мұздыбаевтың қол астында жаттығып

жүр. Бапкері шәкіртінің болашағына зор сенім артып, үлкен үміт күтеді.

Айару - Ұлытау облысының бірнеше дүркін чемпионы ғана емес, сонымен қатар, Астана, Павлодар, Қарағанды қалаларында өткен республикалық турнирлердің жеңімпазы. Бұдан бөлек, Шымкент қаласында өткен Қазақстан Республикасы чемпионында да топ жарып, өз шеберлігін дәлелдеді.

Жас болса да үлкен мақсаттарды бағындыруға бел буған Айарудың әрбір жеңісі - туған жері Жәйремнің, жалпы елдің абыройы. Оның бүгінгі табысы - тынымсыз еңбектің, қайсар мінездің және жеңіске деген шексіз ұмтылыстың жемісі. Айаруға алдағы жарыстарда да тек жеңіс тілейміз. Ел намысын биікте желбірете бер, чемпион!

Теректі ШАФАТАЙ.

Дін

Қазіргі таңда әлем елдерінің алдында тұрған басты міндеттердің бірі – ұлттық қауіпсіздікті сақтау және қоғамдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету. Бұл бағытта зайырлылық қағидаты ерекше рөл атқарады. Зайырлы мемлекет – дін мен мемлекеттік биліктің қызметі бөлек жүзеге асатын, барлық азаматтардың діни сенім бостандығына құрметпен қарайтын мемлекет. Қазақстан Конституциясында өзін зайырлы мемлекет ретінде бекітті. Сондықтан, зайырлылық – еліміздегі қоғамдық келісім мен қауіпсіздіктің маңызды негіздерінің бірі болып саналады.

Зайырлылық және ұлттық қауіпсіздік



рухани бағдарына арқа сүйеуіміз керек» деді Президент.

Мемлекетіміз заңсыз діни ұйымдардың жұмысына тыйым салып, интернеттегі радикалды ақпараттарды бақылауға алады. Бұл шаралар жастарды деструктивті ағымдардың ықпалынан қорғауға бағытталған.

Зайырлылықтың тағы бір маңыздылығы - ғылым мен білімнің дамуына жол ашады. Білімді, сыни ойлай алатын адам жалған ақпарат пен радикалды үгітке тез сенбейді. Мысалы, дамыған мемлекеттердің көпшілігі зайырлы жүйені ұстанады және білім мен ғылым арқылы қоғам қауіпсіздігін күшейтіп отыр. Қазақстанда да жастардың сапалы білім алуына жағдай жасау - ұлттық қауіпсіздікті нығайтудың маңызды бөлігі болып табылады. Сонымен қатар, зайырлылық ұлттаралық және конфессияаралық татулықты сақтайды. Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі тұрақты өткізіліп келеді. Бұл шара еліміздің бейбітшілік пен өзара құрметті басты құндылық ретінде ұстанатынын дәлелдейді.

Қорытындылай келе, зайырлылық – қоғам тұрақтылығы мен ұлттық қауіпсіздіктің негізгі кепілі. Ол діни теңдікті сақтап, экстремизмнің алдын алуға және азаматтардың бірлігін нығайтуға көмектеседі. Бүгінгі таңда әрбір азамат зайырлылық қағидатын түсініп, ел тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтауға өз үлесін қосуы қажет. Тек бірлігі мықты, зайырлы қоғам ғана тұрақты әрі қауіпсіз мемлекет құра алады.

**Дидар ЖЕТИМЕКОВА,
№ 6 ЖББМ қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі.**

ның өмірін қиып, миллиондаған халықтың босқынға айналуына себеп болды. Бұл жағдайлар дінді саяси мақсатта пайдаланудың қауіпті екенін көрсетті. Қазақстанда да экстремизмнің алдын алу мақсатында түрлі шаралар жүргізілуде. Мысалы, білім беру ұйымдарында, мектептер мен жоғары оқу орындарында зайырлы мемлекетіміздің ұстанымы мен ұлттық құндылықтарды дәріптеуге арналған кездесулер өткізіледі. Мекемелерде, халық арасында тиісті мамандар түсіндіру жұмыстарын жүргізіп отырады.

2026 жылдың 15 наурызында бүкіл қазақ қоғамы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, еліміздің басты құқықтық іргетасы – жаңа Ата Заңды қабылдады. Президент айтқандай, бұл құжатты «Халық Конституциясы» деп атауға толық негіз бар. Негізгі заңның басты құндылықтарының бірі – мемлекетіміздің зайырлылық сипатын бекітуі. Бұл – мемлекет пен дін қатынасының теңгерімді, әділ әрі өркениетті үлгісін айқындайтын басты ұстаным. Жалпы алғанда, жаңа Конституциядағы зайырлылық қағидаты – еліміздің демократиялық, құқықтық мемлекет ретіндегі дамуының айқын көрінісі. Бұл қағидат қоғамдағы әртүрлілікке құрметпен қарап, бірлік пен татулықты сақтауға қызмет етеді. Сондықтан, оны түсіну мен құрметтеу – әрбір азаматтың ортақ міндеті.

Осы тұста Мемлекет басшысы 2024 жылы 15 наурызда Атырауда өткен III Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзін айта кету керек: «Қазақстан өзінің мемлекеттілігіне және қоғамдық моралына қайшы келмейтін діни наным-сенімдердің, түрлі танымдар мен ілімдердің бәріне түсіністікпен қарайды. Бірақ біз батыстың, не болмаса басқа да көзқарас иелерінің ықпалымен

төл мәдениетімізге жат әрі әлемнің дуалистік негізіне кереғар құндылықтарды насихаттаушылардың жетегіне еріп кете алмаймыз, кетпейміз де.

Деструктивті насихаттарға біздің еліміздегі балалар да ілесіп кетіп жүр. Сондықтан, мұның зардап-залалы өте зор болуы мүмкін. Таразы басында өскелең ұрпақтың рухани жағынан сау-саламатты болу мәселесі тұр. Біздің осыған қатысты ұстанымымызға саяси ахуал да, жер жүзінде сәнге айналған жаңа үрдістер де әсер ете алмайды», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ: «Радикалды неофиттар халқымыздың салтында жоқ киім үлгілері арқылы да жат діни идеалдарды қоғамға таңуға тырысып жүр. Бұл біздің дәстүрлі ұғымдарымыз бен құндылықтарымызға жасалып жатқан ашық шабуыл екені анық. Біз бабаларымыздың сан мыңжылдық діни ілімі мен

Зайырлылық – қоғамдағы діни теңдікті қамтамасыз етеді. Егер мемлекет белгілі бір дінді ғана қолдаса, басқа діни топтар арасында түсініспеушілік пен әлеуметтік шиеленіс туындауы мүмкін. Ал зайырлы мемлекетте барлық азамат заң алдында тең болады. Бұл қоғамдық тұрақтылықты сақтауға көмектеседі. Мысалы, Қазақстанда ислам, христиан, буддизм және басқа да дін өкілдері бір елде бейбіт өмір сүріп келеді. Бұл – зайырлылық қағидатының нақты нәтижесі.

Ұлттық қауіпсіздікке үлкен қауіп төндіретін мәселелердің бірі – діни экстремизм мен терроризм. Соңғы жылдары әлемнің кейбір елдерінде радикалды ұйымдардың әрекеттері салдарынан көптеген қақтығыстар орын алды. Мысалы, Таяу Шығыстағы террористік ұйымдардың әрекеті мыңдаған адам-

Жастар саясаты

Оқушылар қатарынан волонтерлер тобы жасақталды

Қоғамның дамуына серпін беретін ең басты күш – жастар. Ал белсенді, жауапкершілікті сезінетін, айналасына жанашырлық таныта алатын жастар – кез келген ортаның тірегі. Осындай игі бастамалардың бірі жуырда мектеп қабырғасында өз жалғасын тапты. Жәйрем кентіндегі Жастар ресурстық орталығының басшысы Мәлдір Сатжанова мектептің жоғары сынып оқушыларынан волонтерлер тобын жасақтады.

Мектеп белсенділерінің қатысуымен болған мазмұнды іс-шарада жастардың қоғамдық белсенділігін арттыруға бағытталған маңызды әңгімелер қозғалды. Бұл шара тек бір күндік кездесу ғана емес, алдағы игі істердің бастамасына айналды.

Іс-шара барысында кентіміздің белсенді жастарының бірі, спортшы Гүлназ Кәкенова қатарластарына ерекше ұсыныс таастады. Ол мектеп оқушылары арасында еріктілер тобын құру идеясын ортаға салды. Бұл бастама оқушылар тарапынан бірден қолдау тауып, көпшілік оны үлкен ықыласпен қабылдады. Осылайша, жастардың ортақ ниеті мен жігері бірігіп, еріктілер тобы құрылды. Ресми атауы «ZHM V-LEADERS», жетекшісі Гүлназ Кәкенова.

Бүгінде бұл топтың құрамында 19 белсенді оқушы бар. Олар тек сөз жүзінде ғана емес, нақты істерімен қоғамға пайда



тигізуге ұмтылып жүрген жас еріктілер. Өрқайсысының жүрегінде мейірім, жана-

шырлық және көмектесуге деген ықылас бар.

Еріктілер тобы алғашқы игі қадамын ұзақ күттірмеді. Олар жалғызбасты қария Николай Пучкиннің үйіне барып, қолғабыс көрсетіп, көмек қолын созды. Қарт кісінің ауласына сенбілік жасап, бау-бақшасын толықтай тазалап берді. Бұл – үлкендердің батасын алып, қоғам алдындағы жауапкершілікті сезінудің жарқын көрінісі. Қарияға көрсетілген қамқорлық тек физикалық көмек ғана емес, сонымен қатар, адамгершілік пен құрметтің белгісі болды.

Бұл әрекет – жастардың бойындағы игі қасиеттердің айқын дәлелі. Қазіргі қоғамда біреудің жағдайына бейжай қарамай, қол ұшын соза білу – үлкен адамгершілік. Ал мұндай қасиеттердің жас буын арасында қалыптасуы – болашақтың жарқын екенін көрсетеді.

Еріктілік – бұл тек көмек көрсету ғана емес, бұл – өмірлік ұстаным. Өзгеге жанашыр болу, қоғам игілігі үшін еңбек ету, адамдарға үміт сыйлау – нағыз азаматтықтың белгісі. Сол себепті де мектеп қабырғасынан басталған бұл бастама алдағы уақытта кеңейіп, көптеген игі істерге ұласатыны сөзсіз.

Осындай белсенді жастар барда қоғамда мейірім мен ізгілік салтанат құрамы анық. Еріктілер тобының әрбір қадамы – жақсылықтың бастауы, ал олардың бастаған жолы – өзгелерге үлгі.

Жастардың осындай бастамаларына қолдау көрсету – баршамыздың ортақ міндетіміз. Себебі, бүгінгі белсенді оқушы – ертеңгі елдің тірегі.

Теректі ШАҒАТАЙ.

Қоғам. Адам. Заң

Заң және тәртіп – қоғам тірегі



Қаражал қалалық соты төрағасының міндетін атқарушы Сауле Дюсембина Қаражал қаласының №3 мектеп оқушыларымен «Заң және тәртіп» тақырыбында тағылымды кездесу өткізді.

Кездесудің басты мақсаты – жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыру, заң талаптарын құрметтеуге тәрбиелеу және қоғамдағы тәртіптің маңызын түсіндіру болды.

Іс-шара барысында оқушыларға Қазақстан Республикасының заңдары, кемелетке толмағандардың құқықтары мен міндеттері, қоғамдық орындардағы тәртіп ережелері туралы кеңінен ақпарат берілді.

Сонымен қатар, буллинг, құқықбұзушылықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі және жауапкершілік мәселелері де қозғалды.

Кездесу еркін пікір алмасу форматында өтті. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, нақты жауаптар алды. Жастар арасында тәртіп сақтау, үлкенді құрметтеу, білімге ұмтылу және заңды білу – болашақтың кепілі екені ерекше атап өтілді.

Шара барысында құқықтық

мәдениетті қалыптастыру – әр азаматтың міндеті екені айтылып, заңды құрметтеген елдің болашағы жарқын болатыны түсіндірілді. Осындай кездесулер жас ұрпақтың саналы, жауапты азамат болып қалыптасуына оң әсерін тигізери сөзсіз. Кездесу соңында оқушылар ұйымдастырушыларға алғыстарын білдіріп, өз ойларымен бөлісті. Мұндай тәрбиелік мәні зор шаралар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

**Жадыра САДУОВА,
Қаражал қалалық сотының
бас маманы.**

Тіл – тұғырым

Мемлекеттік мекемелерден түсетін арыздар

Мемлекеттік мекемелерден түсетін арыздар мемлекеттік тілде болуы тиіс. Қазақстан – көпұлтты мемлекет болғанымен, оның негізгі тірегі әрі бірліктің басты құралы – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тіл – Қазақстан Республикасының Конституциясы бойынша қазақ тілі болып бекітілген. Сондықтан, мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметінде қазақ тілінің қолданылуы – заң талабы ғана емес, елдік мүдденің көрінісі.

Бүгінгі таңда мемлекеттік мекемелерден келіп түсетін арызшағымдар мен ресми құжаттардың бір бөлігі әлі де өзге тілдерде жазылып жатады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік тілдің қолданыс аясын шектеп, құжат айналымында бірізділіктің болмауына әкеледі. Осыған байланысты мемлекеттік мекемелерден жолданатын арыздар мен өтініштердің мемлекеттік тілде жазылуы – уақыт талабы.

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заң талаптарына сәйкес, мемлекеттік органдардың іс қағаз-



дары мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Бұл норма тек формальды талап емес, ол мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыруға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Мемлекеттік тілде жазылған арыздар бірнеше артықшылық береді. Біріншіден, құжаттардың мазмұны барлық мемлекеттік қызметкерлер үшін түсінікті әрі қолжетімді болады. Екіншіден, бұл тілдік бірізділікті қалыптастырып, ресми стильдің дамуына ықпал етеді. Үшіншіден, азаматтар арасында мемлекеттік тілге деген құрметті арттырады.

Сонымен қатар, мемлекеттік тілде арыз жазу – әр азаматтың

ел алдындағы жауапкершілігінің көрінісі. Бұл – тек заң талаптарын орындау ғана емес, ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға қосқан үлес.

Қорытындылай келе, мемлекеттік мекемелерден түсетін арыздардың мемлекеттік тілде болуы – мемлекеттік тілдің дамуы мен қоғамдағы рөлін нығайтудың маңызды шарты. Әрбір мекеме мен азамат осы талапты орындау арқылы еліміздің тілдік саясатының жүзеге асуына өз үлесін қоса алады.

**Жадыра САДУОВА,
Қаражал қалалық сотының
бас маманы.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ST tabys» ЖШС «Шығыс Қаражал марганец кендері кен орнының 2026-2037 жылдарға арналған Ұлытау облысындағы «Қиыр Шығыс» учаскесінің тау-кен жұмыстарының жоспары» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп» жобасы бойынша мемлекеттік экологиялық сараптаманы жүзеге асыру үшін ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталғаны туралы хабарлайды.

Аумағы әсер етуі мүмкін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі: Ұлытау облысы, Қаражал қаласы.

Учаскенің географиялық координаттары: 1.48°00'36,94"N 70°50'54,79"E; 2.48°00'54,29"N 70°51'08,08"E; 3.48°00'58,52"N 70°53'33,43"E; 4.48°00'47,72"N 70°54'42,07"E; 5.48°00'19,62"N 70°54'25,28"E; 6.48°00'35,97"N 70°52'52,27"E.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 30 маусымда сағат 11.00-де Ұлытау облысы, Қаражал қаласы, Абай көшесі, 10, «Мәдени-сауық орталығы» КМҚК мекенжайы бойынша өтеді. Өзіңізбен бірге жеке куәлігіңіз болсын.

Zoom платформасындағы тыңдауларға қатысу үшін онлайн қосылымға сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/83703364315?pwd=abtjC3FnHrG2OBlyGiG0pUui8R4TOR.1>

Конференция идентификаторы: 837 0336 4315. Кіру коды: 455082.

Тұтынушы мәліметтері: «ST tabys» ЖШС, ҚР, Ұлытау

облысы, Жезқазған қаласы, М.Жалил көшесі, 4А, 16 пәтер, БСН 240240001400. Директор: А.Б.Тилегенов. Байланыс: телефоны: 8-777-050-09-81, e-mail: ahat2011@inbox.ru.

Әзірлеуші туралы мәліметтер: «Сарыарқа экология» ЖШС, ҚР, Қарағанды қаласы, Разрезовская көшесі, 94, 1 пәтер. БСН: 150640024474. Директор: Д.Е.Исжанов. Байланыс: телефоны: 8-701-110-15-25, e-mail: olga_m_2025@inbox.ru.

Қоғамдық тыңдаулардың материалдарымен <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында «Жарияланған тыңдаулар» бөлімінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru> «Қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде танысуға болады.

Дизайн материалдары туралы қосымша ақпаратты 8-701-442-32-32 телефон арқылы (e-mail: ninel_dom@mail.ru) сұрауға болады.

Барлық ескертулер және немесе ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмей, сондай-ақ, жергілікті өзін-өзі басқарудың мекенжайы бойынша қабылданады: «Ұлытау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Ұлытау облысы, Жезказған қаласы, Ғарышкерлер көшесі, 15, байланыс телефоны: 8 (7102) 76-60-01, e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ОО «ST tabys» сообщает о начале проведения общественных слушаний в форме открытых собраний для осуществления государственной экологической экспертизы по проекту «Отчет о возможных воздействиях к рабочему проекту «План горных работ месторождения марганцевых руд Восточный Каражал участок «Дальний Восток» в области Ұлытау на период 2026 – 2037 годы».

Перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие: область Ұлытау, город Каражал.

Географические координаты участка: 1.48°00'36,94"N 70°50'54,79"E; 2.48°00'54,29"N 70°51'08,08"E; 3.48°00'58,52"N 70°53'33,43"E; 4.48°00'47,72"N 70°54'42,07"E; 5.48°00'19,62"N 70°54'25,28"E; 6.48°00'35,97"N 70°52'52,27"E.

Общественные слушания состоятся: 30 июня 2026 года в 11.00, по адресу: область Ұлытау, город Каражал, ул. Абая, 10, КГКП «Культурно-досуговый центр». При себе иметь удостоверение личности.

Ссылка на онлайн подключение для участия в слушаниях на платформе Zoom:

<https://us06web.zoom.us/j/83703364315?pwd=abtjC3FnHrG2OBlyGiG0pUui8R4TOR.1>

Идентификатор конференции: 837 0336 4315 Код доступа: 455082

Реквизиты заказчика: ОО «ST tabys», РК, область Ұлытау, город Жезказған, ул. им. М. Жалилы, д. 4А, кв. 16. БИН: 240240001400, Директор: Тилегенов А.Б. Контакты: тел.: 8-777-050-09-81, e-mail: ahat2011@inbox.ru

Реквизиты разработчика: ОО «Сарыарқа экология», РК, г. Караганда, ул. Разрезовская, 94, кв. 1. БИН: 150640024474. Директор: Исжанов Д.Е. Контакты: тел.: 8-701-110-15-25, e-mail: olga_m_2025@inbox.ru.

С материалами общественных слушаний можно ознакомиться на сайте <https://ndbecology.gov.kz> в разделе «Опубликованные слушания» и <https://www.gov.kz/memleket/entities/ulytau-upr?lang=ru> в разделе «Общественные слушания».

Дополнительную информацию по проектным материалам можно запросить по тел.: 8-701-442-32-32, e-mail: ninel_dom@mail.ru.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на сайте <https://ndbecology.gov.kz>, а также по адресу МИО: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Ұлытау», область Ұлытау, город Жезказған, ул. Ғарышкерлер, 15; тел. 8 (7102)-76-60-01, e-mail: ulytau.obl_priroda@mail.ru.

Ұлттық спорт

Соңғы жылдары кеншілер қаласы — Қаражалда спорттың сан түрі дамып, жас өрендердің жетістіктері көз қуантуда. Соның ішінде, ұлттық рух пен парасаттылықтың белгісі болған тоғызқұмалақ ойыны бүгінде қалада екінші тынысы ашылып, ерекше жанданып келеді. Бұл спорттың Қаражалда қайта түлеп, биік белестерге шығуына бірден-бір себепкер — білікті бапкердің қажырлы еңбегі.

Тоғызқұмалақ — тек қана ойын емес, ол бабалар ізімен келген парасат мектебі, ақыл-ойдың математикалық символы. «Түркінің логикалық академиясы» атанған бұл спорт түрі бүгінде жас буынның серігіне айналып, ұлттық құндылықтарымызды асқақтатып келеді.

Ағымдағы жылдың 8-13 мамыр аралығында Жаңаарқа кентінде тоғызқұмалақтан балалар мен жасөспірімдер арасында Ұлытау

Төл ойынның жаңа тынысы



облысының жекелей чемпионаты өтті. Бес күнге созылған тартысты додада облыстың ең үздік жас зияткерлері классика, рапид және блиц бағыттары бойынша бақ сынасты.

Жарыс жолында ерекше ойын өрнегін көрсетіп, жүлделі орындардан көрінген жас өрендеріміздің тізімі төмендегідей:

- классика (уақыт пен стратегия салтанаты), бұл бағытта спортшылар терең ойланып, әр

жүрістің тиімділігін саралады. 2015-2016 жылы туылған қыздар арасында 3 орын Зере Сенбайға, Зере Дүйсенбайға бұйырса, 2013-2014 жылы туылған ұлдар арасында 1 орынды Әбдіхалық Елеукең, 3 орынды Олжас Рымғажы, 3 орынды Асылжан Ермекбай жеңіп алды. 2013-2014 жылы туылған қыздар арасында 2 орын Айзада Сануарға, 3 орын Айша Жолаушыға, Асылай Сануарға, Еркеназ

Сануарға тиесілі болды.

- рапид (жылдам шешім қабылдау өнері), 2013-2014 жылы туылған ұлдар арасында 3 орынға Әбдіхалық Елеукең, Олжас Рымғажы ие болса, 2013-2014 жылы туылған қыздар арасында 3 орынды Айзада Сануар жеңіп алды.

- блиц (қас-қағым сәттегі есеп), 2013-2014 жылы туылған ұлдар арасында 3 орын Асылжан Ермекбайға, Олжас Рымғажыға бұйырса,

2015-2016 жылы туылған қыздар арасында 3 орынды Зере Сенбай иеленсе, 2013-2014 жылы туылған қыздар арасында 3 орынды Айша Жолаушы, Еркеназ Сануар місе тұтты.

Бұл жетістіктердің артында үлкен дайындық пен қажырлы еңбек тұр. Қаражал қаласында тоғызқұмалақ спортын дамытуға барын салып, шәкірттерін биік белестерге жетелеп жүрген білікті жаттықтырушы Бақытгүл Төлеуханованың еңбегін ерекше атап өткен жөн. Бақытгүл Көбегенқызының тәлімін алған өрендер облыстық деңгейде өздерінің мықты екенін дәлелдеп, жүлделі орындарды қанжығаларына байлады. Тоғызқұмалақ — адамды сабырға, дәлдікке және алдын ала болжауға үйретеді.

Жаңаарқа төрінде өткен бұл чемпионат жас таланттардың деңгейін көрсетіп қана қоймай, Ұлытау өңірінде зияткерлік спорттың қарқынды дамып келе жатқанын дәлелдеді. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді айтулы жетістіктерімен құттықтаймыз. Құмалақтарыңыз сай, есептеріңіз түгел болсын, жас шеберлер!

Спорт

Қазіргі таңда Қаражал қаласында спорт саласы қарқынды дамып келеді. Салауатты өмір салты жергілікті тұрғындардың күнделікті дағдысына айналып, жастардың спортқа деген қызығушылығы арта түсті. Қалада бой көтерген жаңа спорт нысандарының бірі — заманауи жүзу бассейні бүгінде жас спортшылардың шеберлігін шыңдайтын маңызды орталыққа айналды. Бұл — Қаражалдағы спорттың жаңа деңгейге көтеріліп, болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге бағыт алғанының айқын көрінісі.

Таяуда Қаражал қаласында «Қаражал қаласының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ұйымдастыруымен жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында жүзуден алғашқы ашық қалалық турнир жоғары деңгейде өтті.

Турнирдің басты мақсаты — жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, жүзу спортын жандандыру және өскелең ұрпақтың достығын нығайту. Жарыс жолына шыққан жас спортшылардың бойынан жеңіске деген ұмтылыс пен ерекше толқыныс байқалды.



Турнир екі жас ерекшелігі бойынша өтті. Әр топтағы бәсеке тартысты болып, қатысушылар секундтың жүзден бір бөлігі үшін аянып қалмады. Төрешілердің шешімімен төмендегі спортшылар үздік деп танылды.

10-12 жас аралығында су айдынының нағыз шебері екенін дәлелдеген Асыл Әмір алтын тұғырдан көрінді. II орынды Батырхан Жиренбаев иеленсе, III

орынға Рамазан Мұқажан табан тіреді.

13-15 жас аралығындағы ересек топтағы ұлдар арасында жылдамдығымен таңғалдырған Алижан Ахмедиев I орынды жеңіп алды. Күміс жүлде Нұржігіт Мұқажанға бұйырса, қола жүлдені Жалғас Көккөзов қанағат тұтты.

Қыздар арасындағы бәсекеде 10-12 жас аралығында көрер-

мендердің ерекше қолдауына ие болған Алина Самоилова мәреге бірінші болып жетті. Жүлделі II орынды Дария Мұрат, ал III орынды Айлы Нұрмағамбетова иеленді.

13-15 жас аралығындағы бұл санатта нағыз лидерлік қасиет көрсеткен Вероника Рыкова турнир чемпионы атанды. II орынға Анэля Алимханова жайғасса, үздік үштікті Анна Юрченко түйіндеді.

Турнирдің жоғары деңгейде өтуіне жас спортшыларды дайындаған бапкерлердің де еңбегі зор. Бассейнде балаларды тұрақты түрде жаттықтырып жүрген тәлімгерлер шәкірттерінің әр жетістігіне қуанып, олардың спорттағы алғашқы қадамдарына бағыт-бағдар беріп келеді. Жаттықтырушылардың айтуынша, жасөспірімдердің жүзу спортына қызығушылығы артып, қатысушылар саны күн санап көбейіп келеді.

Қалалық бассейнің ашылғанына небәрі бір жыл толса да, осындай ауқымды іс-шараның ұйымдастырылуы — Қаражалдағы спорт саласының жаңа белеске көтерілгенін көрсетеді. Жарыс соңында жеңімпаздар мен жүлдегерлер мақтау қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Осындай жарыстар арқылы Қаражал қаласында бұқаралық спорт дамып қана қоймай, болашақ чемпиондардың қалыптасуына да берік негіз қалануда.

Бассейн әкімшілігі бұл турнирді дәстүрлі түрде өткізуді жоспарлап отыр. Бүгінгі жеңімпаздар ертеңгі күні облыстық және республикалық жарыстарда қала намысын қорғайтын саңлақтар болатынына сенім мол.

Бетті өзірлеген
Жазира СЕЙДҒАБИҚЫЗЫ

Директор
Жалғасқан ҚҰРМАНСЕЙТОВ

Бас редактор
Асель КУРБАЛОСОВА
Техникалық редактор
Айгүл БАЙПЕЛОВА

«Қазыналы өңір» газеті редакциясы
ЖШС

Қаражал қаласы, Сары Тоқа, 1
Тел: 2-61-02, k_onir2025@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және мұрағат комитетінде 2012 жылғы 22 мамыр 12759-Г куәлігімен тіркелген.

ИИН 001140000674
KZ 4060171700000329
БИК HSBKZKX АО «Halyk bank»
Код Кбе 18
Газет сенбі сайын шығады
Көлемі 2 б/т
Индекс 200122
Таралымы 1000
Тапсырыс 18

Газет «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қаласы, Сәтбаев көшесі, 15.
Жеке авторлар мақаласы редакция көзқарасын білдірмейді.
Мақала нақтылығына авторлар жауап береді.
Мақала авторларға қайтарылмайды.
Жарнаманың нақтылығына жарнама берушілер жауапты.